

**«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң жобасы) жобасы бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ**

Осы Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының 12-тармағына сәйкес әзірленді (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысымен бекітілген*).

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне және қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келмейді, мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды немесе мемлекеттік бюджетке түсетін мемлекеттік кірістерді қысқартуды көздемейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды.

Заң жобаларын реттеу мәні Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келеді.

I. Парламентаризм институты осы заң жобасын қарап, мыналарды атап өтеді.

ҚР Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес әкімшілік құқық бөлігінде мынадай мәселелер өз шешімін талап етеді:

«...әкімшілік жазалардың жекелеген түрлерін (арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру не оның қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау, қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу) қайта қарау қажет, өйткені оларды қолдану әкімшілік рәсімді жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады.

Әкімшілік жауапкершілікті заңды жауапкершіліктің басқа түрлерінен ажыратуға мүмкіндік беретін айқын өлшемшарттар қамтылуға тиіс әкімшілік құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын әзірлеу қажеттігі де туындап отыр.

Айыппұлдың әкімшілік жаза түрі ретіндегі мөлшерлік сәйкессіздігі, сондай-ақ іс-әрекетті жасау жағдайларын және құқық бұзушының жеке басын ескерместен жаза түрлерінің баламасыздығы сияқты проблемалар сақталуда. Осыған байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтарды елеусіз, елеулі және өрескел құқық бұзушылықтар санатына градациялауды енгізу мүмкін болып көрінеді, олардың әрқайсысында құқық бұзушылықтың сипаты мен қауіптілік дәрежесіне қарай айыппұлдың шекті мөлшерін қамти алатын еді.

Мұнымен қатар, профилактика және түсіндіру құралдарын, заңды тұлғаның жауапкершілік шегін күшейту, нормативтік құқықтық актілердің нақтыланбаған талаптары үшін санкцияларды қамтитын әкімшілік құқық

бұзушылық құрамын алып тастау, кәсіпкерлік субъектілерінің санатына қарай айыппұл мөлшерін айқындау кезінде бірыңғай тәсілді қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың лауазымды адамдарының жауапкершілігін белгілеу мәселелерін пысықтау маңызды.»

Осыған байланысты ұсынылған заң жобасы Құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілген әкімшілік құқық мәселелерінің ешқайсысын шешпейтінін атап өтеміз.

2023 жылғы 30 маусымда «Ашық НҚА» порталында ҚР ӘҚБтК 676, 677, 678-баптарына өзгерістер енгізілетін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы орналастырылғанына назар аударамыз.

Осыған байланысты екі жобаның көрсетілген нормаларын сәйкестікке келтіру қажет.

II. Редакциялық сипаттағы ұсыныстар:

1. 49-1-бап бойынша:

1) баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«49-1-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту»

- 2-бөлімде «қолданады» деген сөз «тағайындайды» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 7-бөлімде:

- алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға»;

«алпыс бір жастағы және одан жоғары жастағы әйелдерге»;

2. 57-бапта, 9-тармақта «және» одағы «немесе» деген одақпен ауыстырылсын;

3. 62-бапқа ескертпеде «және сол сияқты» деген сөздер алып тасталсын;

НҚА ережесі нақты және әр түрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуы керек. («Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабы 3-тармағы)

4. 73-1-бапта, 1-1-бөлімде және 2-бөлімде «қоғамдық жұмыстарға тарту» деген сөздерден кейін «... мерзімге» деген сөзбен толықтырылсын;

5. 73-2-бапта, 1-1-бөлімде және 2-бөлімде «қоғамдық жұмыстарға тарту» деген сөздерден кейін «... мерзімге» деген сөзбен толықтырылсын;

6. 175-бапта, 2-бөлімде «негіздер» деген сөз «негіздердің» деген сөзбен ауыстырылсын;

7. 207-бапқа ескертпенің 1-тармағының 1) тармақшасында («орналастырылған» деген сөз қазақ нұсқасында өзгеріссіз қалады);

8. 211-1-баптың 1-1-бөлігіндегі «егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса» деген сөздер алып тасталсын.

Өйткені мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделмеген;

9. 213-бапта, 15-бөлімде («қалыптастыру» және «құрастыру» деген сөздер қазақ нұсқасында өзгеріссіз қалады);

10. 506-бапта «стратегиялық» деген сөзден кейін «объект» деген сөзбен толықтырылсын, ал («тиесілі» деген сөз қазақ нұсқасында өзгеріссіз қалады);

11. 593-бапта, 1-1-бөлімдегі «оларды шығару» деген сөздер «жолаушылардың... денелерін шығару» деген сөздермен ауыстырылсын. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормаларын сақтай отырып жазылуға тиіс. («Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағы);

12. 607-бапта, 3-бөлікте «бөліктер» деген сөз «бөлік» деген сөзбен ауыстырылсын, ал «және екінші» деген сөздер алып тасталсын, өйткені осы баптың үшінші бөлігі осы құрамның дербес біліктілік белгісі болып табылады және осы баптың екінші бөлігімен байланысты болмауы тиіс;

13. 615-бапта 4-бөлім «қоғамдық жұмыстарға тарту» деген сөздер «мерзімге» деген сөзбен толықтырылсын;

14. 637-бапта, 19-бөлімде «әкеп соғады» деген сөз (қазақ нұсқасында өзгеріссіз қалады);

15. 676 - бапта :

1) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«676-бап. Жеке тұлғалардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер беруі»;

НҚА бабының тақырыбы оны реттеу нысанасын көрсетуі тиіс.

(«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 23-бабының 9-тармағы);

2) Осы баптың 1-бөлігінде «не көрсетілетін қызметтерден» деген сөздерден кейін «жеке немесе делдалдар арқылы» деген сөздермен толықтырылсын;

16. 677-баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«677-бап. Заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер алу»

НҚА бабының тақырыбы оны реттеу нысанасын көрсетуі тиіс.

(«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 23-бабының 9-тармағы);

17. 678 баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер не қызметтер көрсетуі»;

НҚА бабының тақырыбы оны реттеу нысанасын көрсетуі тиіс.

(«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 23-бабының 9-тармағы);

18. 680-бап бойынша:

1) 2-бөлімде «әкеп соғады» деген сөз (қазақ нұсқасында өзгеріссіз қалады);

2) 3-бөлікте «ұйымдардың» деген сөз «мемлекеттік» деген сөзбен толықтырылсын;

3) 4-бөлімде «ұйымдардың» деген сөз «мемлекеттік» деген сөзбен толықтырылсын,

«алынған туралы» деген сөздердің алдында «ол» деген сөз «осы адаммен» деген сөздермен ауыстырылсын;

19. 681-бапта «ұйымдар» деген сөздің алдында «мемлекеттік» деген сөзбен толықтырылсын;

20. 704-бапта, 2-бөлімде «инспектор» деген сөз «инспекторлар» деген сөзбен ауыстырылсын ;

21. 829-10-бапта, 2-бөлімде мәтін өзгеріссіз қалады.

22. 832-бапта, 2-бөлімде «деген» сөз «онда» деген сөзбен ауыстырылсын;

23. 914-1-бапта баптың атауындағы «қоғамдық жұмыстарды орындау» деген сөздер «адамды қоғамдық жұмыстарға тарту» деген сөздермен ауыстырылсын;

24. 916-бапта, 1-бөлімде «4» саны «төртінші» деген сөзбен ауыстырылсын.